

Қала құраушы кәсіпорындардың табысты еңбек етуі қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына игі ықпалын тигізеді. Екібастұз қаласындағы осындай кәсіпорынның бірі- “Еуроазиялық” корпорацияның құрамына кіретін “Шығыс” кеніші болып табылады. Кеніштің аталмыш компания құрамында жұмыс істей бастағанына биылғы қарашада 10 жыл толғалы отыр. Осы айтулы оқиғаның қарсаңында “Шығыс” кенішінің директоры Н.Д. Нұрсұлтанов БАҚ өкілдерімен кездесіп, 10 жыл ішінде атқарылған жұмыстар жайында әңгімелен берді.

- “Еуроазиялық” корпорация 1996 жылы көмір өндіретін “Шығыс” кенішінің, кен қыртысын аршу жұмыстарымен шұғылданатын “Степной” кенішінің, сондай-ақ Шығыс жүк тиеу-көлік басқармасының мүлік кешенін сатып алған болатын. Бұл-қиын кезең еді. Кеншілер айлап жалақысын ала алмай жүрсе, өндірісте де толғақты мәселелер көп еді. Кеніштің жаңа қожайындары ең алдымен кеншілерге берешектен құтылып, өндірістегі қайнауы жеткен мәселелерді біртіндеп шешуді қолға алды. “Шығыс” кенішіне су “Батыр” кенішінің аумағымен жеткізілетін. Коммуникациялар тозып тұрған. Ол күрделі жөндеуді қажет ететін. “Батыр” кенішіне тәуелділіктен құтылу үшін жаңа су құбыры тартылды. Соның нәтижесінде бұған дейін тасымал сумен күн көріп келген Атығай қалашығының тұрғындары ауыз суға қарық болып қалды. Сонымен қатар карьер аландарын құрғатуда да көршімізге тәуелді едік. Сол себепті жаңа

локомотивтер мен думпкаларды күрделі жөндеуден өткіздік. Сол сияқты тау кен-кен аршу жабдықтары да қайта жөнделді. Қазіргі уақытта кен қыртысын аршу кешенінің қуаты жылына 21 млн. тоннаға жетіп отыр. Бұл әуелдегіден 2,5 есеге көп.

Атқарылған игі істің тағы бірі- теміржол көлігінің электрлендірілуі. Біз дизельдік отынды қолданудан бас тартып, локомотивтерді электр сүйрегішке көшірдік. Бұл үшін қашықтығы 60 км. теміржолды электрлендіріп, кен аршу кешенінде 2 жаңа теміржол станциясын іске қостық. Енді көмір тиеу пункттерін қайта жарақтауға кірістік. Сонымен қатар роторлы экскаваторларды қайта жарақтау да қолға алынады.

1998 жылға дейін қопару жұмыстарында ресейлік зауыттарда шығарылатын қымбат жарылғыш заттар қолданылатын. Бұл тиімсіз еді. Сол жылы қарапайым жарылғыш заттар шығаратын зауыт

сапалық өлшемдері жақсы. Қысқасы, тұтынушы-лар дән риза.

**Сұрақ:** - Кеніштегі негізгі экологиялық проблема көмір ұсату кешенінде көтерілетін күлді шаңды басу ғой. Осы орайда қандай шаралар іске асырылуда?

**Жауап:** - Бұл тұрғыда біз ғылыми-зерттеу институттарымен бірігіп жұмыс істеудеміз. Алайда, күлді шаңды басудың тиімді әдісі әлі табылмай отыр.

**Сұрақ:** - Өндірісті қайта жарақтау мен модернизациялауға 10 жыл ішінде қанша қаржы жұмсалды?

**Жауап:** - Аталмыш мақсатқа 10 жылда 11 млрд. 230 млн. теңге қаржы жұмсалды. Мұның бәрі сыртқы инвестициялар, яғни, акционерлердің қаржысы. Инвестиция тарту жылдан-жылға артып келеді. Мәселен, өндірісті дамытуға 1997 жылы 177 млн., 1998 жылы-256 млн. теңге қаржы қамтылса, 2005 жылы бұл көрсеткіш 2 млрд. 400 млн. теңгені құрады.

**Сұрақ:** - Қазір ел экономикасы өркендеу үстінде. Кәсіпорындардың өндірістік қуатын арттыру жобалары қарастырылуда. МАЭС-2 стан-

лық 55 мың теңгеден асып жығылды.


**Сұрақ:** - Адамдарыңыздың әлеуметтік қорғалуы қандай дәрежеде?

**Жауап:** - Әлеуметтік қорғау, әлеуметтік кепілдіктің кешенді шаралары бар. Әрбір адамға жылына 70 мың теңгенің медициналық қызметі көрсетіледі. Жаңа емхана ашылды. Онда ең озық медициналық құрал-жабдықтар қойылған. Адамдар риза.

**Сұрақ:** - Кеніште жұмыс қолы жеткілікті ме? Кәсіби біліктілікті көтеру мәсе-



## Жемісін берген он жыл



салып алдық. Қазіргі уақытта қопару жұмыстарының 95 пайызы өзімізде өндірілетін жарылғыш заттардың күшімен жүзеге асырылады.

Экология мәселесіне келсек, ағын суларды биологиялық тазарту станциясын іске қостық. Бұл бізге ағын суларды тазартып, екінші мәрте техникалық мұқтаждықтарға пайдалануға

қиясында №2 энергоблоқты салу, сондай-ақ электр станциясын салуға қытайлықтарды тарту жайында сөз қозғалып жүр. Сіздер бұл жобалардан қалыссыздар ма?

**Жауап:** - Бұл жайында баспасөз беттерінен оқығанбыз. Жобаға қатысу жайында нақты ұсыныстар болған емес.

**Сұрақ:** - Айталық жаңа станциялар іске қосылды. Сол жағдайда сіздер көмір өндіру көлемін күрт ұлғайта аласыздар ма?

**Жауап:** - Кеніш жобалық қуаттылығы бойынша жылына 25 млн. тонна көмір өндіре алады. Былайша айтқанда, қосымша қуат көздері бар. Дегенмен, көмір өндіру күрделі үдеріс. Көлемді бірте-бірте ұлғайтпаса болмайды.

**Сұрақ:** - Теміржолшылармен қарым-қатынастарыңыз қандай? Тарифтердің өсуіне қалай қарайсыз?

**Жауап:** - Кеніш тек көмір өндірумен ғана шұ-

лесі ше?

**Жауап:** - Бұрын кеніште жұмыс күші жеткілікті болатын. 2004 жылдан бері кейбір қат мамандарға зәрулік сезіле бастады. Бұл, біріншіден, өндіріс көлемінің ұлғаюымен, екіншіден озық үлгідегі техникалардың сатып алынуымен байланысты. 1996 жылдан бері ұжым 400 адамға көбейді. Кеніште оқыту комбинаты бар. Кеншілер сонда біліктіліктерін көтереді. Сонымен бірге Қарағанды, Алматы қалаларында да кәсіби дайындықтан өтеді.

**Сұрақ:** - Адамдарды өндірісте тұрақтандыру үшін қандай шаралар жасалуда?

**Жауап:** - Бір ғана мысал айтайын. Пәтерге аса мұқтаж адамдарға 300 мың теңге мөлшерінде ссуда берілетін. Енді 15 жыл мерзімге өсімсіз ипотекалық несие беру қолға алынады. Әзірге 40 адамға. Оларды арнайы комиссия іріктейді.

Баспасөз мәслихатында кеніш директоры Н.Д. Нұрсұлтанов кәсіпорынның қалалық шараларға, “Қасбет” бағдарлама-

ашық суағар жасалып, аландарды өзіміз құрғатуға қол жеткіздік.

Әйтсе де, ең негізгі проблема кен қыртысын аршу жұмыстарының 1,5 жылға кейіндеп қалуы болатын. Бұл жұмысты қарқынды жүргізуге техникалық қуат жетпейтін. Осы кемшіліктің орнын толтыру үшін 1996-2005 жылдар аралығында 8 бір шөмішті экскаватор, 12 жаңа локомотив, 107 думпкар сатып алдық. Сонымен бірге парктегі пайдаланудағы

мүмкіндік беруде.

“Шығыс” кенішінің директоры әңгімесінде басқа да мәселелерге тоқталды. Осыдан кейін баспасөз мәслихатына қатысқан журналистер көкейіндегі сұрақтарын қоя бастады.

**Сұрақ:** - Кеніште өндірілетін көмір қай тараптарға жөнелтіледі?

**Жауап:** - Біздің тұтынушыларымыздың аясы қалыптасқан. Кеніш көмірін Ақсу станциясы, ферроқорытпа зауыты, сондай-ақ Павлодар, Рудный, Ресейдің Омбы қаласының ЖЭО-ы жағады. Көмір ұсатылып жөнелтілетіндіктен, оның

**Жауап:** - Кеніш тек көмір өндірумен ғана шұғылданады. Көмірді тарату міндетін корпорация өз мойнына алған. Әйтсе де, айтайын, теміржол тарифтерінің өсуі кеншілердің де, тұтынушылардың да көңіл-күйіне кері әсерін тигізуде.

**Сұрақ:** - Кеншілердің еңбекақысы қандай мөлшерде?

**Жауап:** - Еңбекақы жыл сайын индексацияланады. Кеніш бойынша орташа айлық 1996 жылы 17537 теңге болса, 2005 жылы ол 41686 теңгеге жетті. Биылғы күзге салым кеншілер жалақысы 25 пайызға өсіріліп, қазан айында орташа ай-

лалық шараларға, “Қасбет” бағдарлама-сына қосып отырған үлесі жайында да айттып өтті. Түйіндей айтқанда, “Еуроазиялық” корпорацияның құрамындағы “Шығыс” кеніші тұрақты әрі табысты жұмыс істеп тұрған кәсіпорын. Жаңа қожайындар келгелі өткен 10 жыл өндірісті дағдарыстан алып шығып, өрге бастыруға қызмет етті. Озық техника және технологиямен жарақтану үстіндегі кеніштің болашағы да зор екені күмәнсіз.

**Ж. Сәдуақас**